

Сайлау өткізу кезеңінде кандидаттарға сайлаушылармен кездесу өткізу үшін шарттық немесе өтеусіз негізде берілетін орынжайлар туралы

Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 14 шілдедегі № 01-144 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 28 - бабының 4 – тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37 - бабына сәйкес, Талас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, шарттық немесе өтеусіз негізде кандидаттардың сайлаушылармен кездесулерін өткізу үшін орынжайлар белгіленсін.

2. "Сайлауды өткізу кезеңінде кандидаттарға сайлаушылармен кездесу өткізу үшін шарттық негізде үй - жайларды беру туралы" Талас ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № 305 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2324 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

Талас ауданының әкімі

Н. Жүнісбеков

Талас ауданы әкімдігінің
2026 жылғы "14" шілдедегі
№ 01-144 қаулысына қосымша

Сайлау өткізу кезеңінде кандидаттарға сайлаушылармен кездесу өткізу үшін шарттық немесе өтеусіз негізде берілетін орынжайлар

№	Елді мекеннің атауы	Кездесулер өткізілетін орындар
1	Қаратау қаласы	Балалар өнер мектебінің акт залы
2	Қаратау қаласы	Ұлбике ақын атындағы мәдениет үйі
3	Қаратау қаласы	С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің акт залы
4	Қаратау қаласы	М.Әуезов атындағы орта мектебінің акт залы
5	Ақкөл ауылы	Ақкөл ауылдық мәдениет үйі
6	Ақкөл ауылы	Ауылдық "Дене шынықтыру-сауықтыру кешені"
7	Аққұм ауылы	Аққұм ауылдық клубы
8	Бостандық ауылы	Бостандық ауылдық мәдениет үйі
9	Майтөбе ауылы	Майтөбе ауылдық клубы
10	Бөлтірік шешен ауылы	Бөлтірік шешен ауылдық клубы
11	Көктал ауылы	Көктал ауылдық мәдениет үйі

12	Қызыләуіт ауылы	Қызыләуіт ауылдық мәдениет үйі
13	Есейхан ауылы	Есейхан ауылдық мәдениет үйі
14	Қасқабұлақ ауылы	Қасқабұлақ ауылдық клубы
15	Ойық ауылы	Ә.Тәжімбетов атындағы мәдениет үйі
16	Ойық ауылы	Ауылдық "Дене шынықтыру-сауықтыру кешені"
17	Тамды ауылы	Тамды ауылдық мәдениет үйі
18	Үшарал ауылы	Үшарал ауылдық мәдениет үйі
19	Үшарал ауылы	Ауылдық "Дене шынықтыру-сауықтыру кешені"
20	С.Шәкіров ауылы	С.Шәкіров ауылдық мәдениет үйі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК